



Қазақстан Ұлттық Банкі
Национальный Банк Казахстана

БЗЖҚ зейнетақы активтерін басқару

Зейнетақы активтерін шоғырландыру

2013 жылдың 26 тамызында "ҰЖЗҚ" ЖЗҚ "АҚ базасында 2013 жылдың тамызында құрылған "БЖЗҚ" АҚ зейнетақы активтері Ұлттық банкке сенімгерлік басқаруға берілді

2014 жылдың 26 наурызында қалған 9 жеке ЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфельдерінің "БЖЗҚ" АҚ-на шоғырландыруы аяқталды

Азаматтардың зейнетақы жинақтары бойынша шығындардың алдын алу мақсатында зейнетақы активтерін ЖЗҚ портфелінен аудару процесі **ағымдағы құны бойынша** жүзеге асырылды

Шоғырландырылған зейнетақы активтерінің мөлшері **3,96 трлн. тенге**, оның ішінде қаржы құралдары - **3,72 трлн. тенге (93,0%)**, ақша – **0,24 трлн. тенге (7,0%)** құрады.



2014 жылдағы зейнетақы активтерін бағалау

2014 жылдың 8 қыркүйегінде KPMG қорытындысын ескере отырып, зейнетақы активтері портфелінің біржолғы қайта бағалауы жүзеге асырылды.

Бағалау қажеттілігі келесі **себептерге** байланысты:

- өтімсіз қаржы құралдары мен дефолт болған қаржы құралдарына бағалардың болмауы;
- қолданыстағы қаржы құралдарын бірыңғай бағалауға келтіру.

Зейнетақы активтері портфелінің қайта бағалауынан болған шығын шамамен **90 млрд** теңгені немесе зейнетақы активтері көлемінің **2,2%** құрады.

Қайта бағалау салымшылар салған зейнетақы жарналары есебінен емес, инвестициялық табыс есебінен жүргізілгендіктен, салымшылардың зейнетақы жинақтарына **минималды деңгейде** әсер етті.

2014 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерінің инвестициялық табыс мөлшері **210,4 млрд.теңгені**, зейнетақы активтерінің табыстылығы **6,31%** құрады.



Талап-арыз жұмысы

Шоғырландыру кезінде номиналды құны бойынша жалпы сомасы **161,5 млрд. теңгеге** дефолтқа жол берген **32 эмитенттің** қаржы құралдары берілді.

2017 жылдың 1 қаңтарына дейін жүргізілген жұмыс нәтижесінде дефолтқа жол берген эмитенттер саны **20 компанияға дейін** қысқарды, берешек мөлшері номиналды құны бойынша 39,8 млрд.теңгеге дейін төмендетілді және зейнетақы активтері мөлшерінің **1% - нан кем** болады.

Берешектің азаюы міндеттемелерді өтеу, қайта құрылымдауды немесе оңалтуды жүргізу және басқа да іс-шаралар есебінен болды.

Талап-арыз жұмысы "БЖЗҚ" АҚ-да тұрақты негізде жүзеге асырылады.



Зейнетақы активтерін инвестициялау

2016 жылдың басынан бастап "Зейнетақымен қамсыздандыру туралы" ҚР Заңына сәйкес БЖЗҚ зейнетақы активтерін **инвестициялау бағыттарын** Мемлекет басшысы басқаратын ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес (ҰҚБК) бекітеді.

Мақұлданған бағыттар аясында ҚР Үкіметі БЖЗҚ зейнетақы активтерінің ішкі нарықтағы инвестиция көлемін анықтайды және бекітеді.

Ұлттық Банк ішкі нарықтағы қаржы құралдары үшін нарықтық мөлшерлемелерді айқындайды және БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялауды жүзеге асырады.



2016 жылдағы зейнетақы активтерін инвестициялау

2016 жылы ҰҚБК ұсынымдарына, сондай-ақ 2016 жылы 10 ақпанда ҚР Президентінің қатысуымен өткен ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында қабылданған шешімдерге сәйкес БЖЗҚ зейнетақы активтері **нарықтық шарттарда** келесі бағыттар бойынша инвестицияланды:

- жоспарланған 350 млрд. теңгенің **170 млрд. теңге сомасына** республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін **ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары** сатып алынды;
- шетелдік қаржы нарықтарында инвестициялау үшін жоспарланған көлемде **500 млрд. теңге сомасына** шетел валютасы сатып алынды;
- жоспарланған 200 млрд. теңгенің **112,8 млрд. теңге сомасына** шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін **екінші деңгейдегі банктердің шартты депозиттері** орналастырылды;
- 400 млрд. тенге. жоспарланған 400 млрд.теңгенің **378,4 млрд. теңге сомасына** Қазақстан экономикасының нақты секторының басым жобаларын қаржыландыру үшін **квзимемлекеттік сектор субъектілерінің шартталған облигациялары** сатып алынды.



Екінші деңгейдегі банктерге инвестициялау

Екінші деңгейдегі банктерге инвестициялау 200 млрд. теңге аясында келесі жана қағидалар бойынша жүзеге асырылды:

- банктің кредиттік рейтингіне байланысты **жылдық 14% - дан 16,5% - ға** дейінгі диапазондағы нарықтық мөлшерлемелер;
- инвестициялау мерзімі **3,5 жыл**, оның ішінде банктердің қаражатты игеруіне жарты жыл, ШОБ-ке кредит беруге үш жыл беріледі;
- ШОБ қаржыландыру бағдарламасына қатысу **30 банкке** ұсынылды;
- банктердің зейнетақы активтерін игеру және нысаналы пайдалану мониторингін «Даму» ҚДҚ» АҚ жүзеге асырады.

2016 жылы зейнетақы активтері **жылдық 15,5%** орташа алынған табыстылығымен **112,8 млрд. теңге** сомасына екінші деңгейдегі 15 банкке инвестицияланды



Квазимемлекеттік секторды инвестициялау

Квазимемлекеттік секторды инвестициялау келесі шарттар бойынша жүзеге **асырылды**:

- **1-ден 15 жылға дейін** айналым мерзімі облигациялары;
- Эмитенттерге екі опция ұсынылды - инфляция деңгейіне байланысты **белгіленген** немесе **құбылмалы** сыйақы мөлшерлемесі.

Эмитент атауы	Көлемі, млрд. теңге	Орташа табыстылығы, жылдық %	Нысаналы мақсат
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бекітілген мөлшерлеме облигациялары)	212,5	14,1%	Жобалар: - экспорттаушыларға экспорт алдындағы (экспорттық) несие беруді қаржыландыру; - индустриялық және инфрақұрылымдық жобалар бойынша валюталық берешектерді қаржыландыру көздерін ауыстыру, қайта құрылымдау; - құрылыс құнының қымбаттауына байланысты қосымша күрделі шығындарды жабуға арналған "Mega Silk Way" ОСО құрылыс жобасын қаржыландыру; - отандық өндірістің жүк вагондарын лизингтік қаржыландыру; - ЕДБ арқылы өңдеуші өнеркәсіптің айналым капиталын қаржыландыру.
«ҚТЖ» ҰК» АҚ (құбылмалы мөлшерлеме облигациялары)	50,0	16,9%	"ҚТЖ "ҰК" АҚ валюталық міндеттемелерін қайта қаржыландыру және еуробондтарды өтеу
«KEGOC» АҚ (құбылмалы мөлшерлеме облигациялары)	47,5	18,6%	"Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік" жобасын қаржыландыру 2-кезең (ЖвЖ - 500 кВ Шүлбі ГЭС-Ақтоғай-Талдықорған-Алма құрылысы)
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ (бекітілген мөлшерлеме облигациялары)	68,4	14,5%	АӨК басым жобаларын қаржыландыру, бірінші кезекте, ет және сүт өндіру және қайта өңдеу бойынша қаржыландыру
Жалпы:	378,4	15,1%	




Зейнетақы активтер портфелінің құрылымы

2017 жылғы 1 ақпандағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 6 719 млрд. теңгені құрады

Қаржы құралдарының түрлері бойынша ЗА
портфелінің 01.02.2017 ж .-ғы жалпы
құрылымы., млрд. теңге

Қаржы құралының түрі	Ағымдағы бағасы	Үлесі
Ақла	10,7	0,2%
ҚР МБҚ	2 970,9	44,2%
ҚР банктік секторы	1 875,5	27,9%
ҚР квазимемлекеттік секторы	964,2	14,3%
Басқа қазақстандық активтер	119,6	1,8%
Шетелдік активтер	778,3	11,6%
Жалпы:	6 719,2	100,0%

01.02.2017ж. ЗА портфелінің
валюталық құрылымы




БЖЗҚ зейнетақы және меншікті активтері бойынша қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін, сондай-ақ зейнетақы активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарының бір бөлігін бағалауды "үлкен" төрттік тобына кіретін халықаралық аудиторлық компаниялардың бірі жүзеге асырады.

Зейнетақы активтеріне қатысты портфельдің құрылымы, табыстылығы және инвестициялық қызмет туралы ақпарат **БЗЖҚ интернет-ресурсында** тұрақты түрде басылады.



Портфельдің теңгелік бөлігінің құрылымы

2017 жылғы 1 ақпандағы теңгемен номинацияланған қаржы құралдарының көлемі 5,2 трлн. теңгені құрады




- Ақша
- Қысқа мерзімді инвестициялар
- ҚР МБҚ
- ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары
- ЕДБ облигациялары
- ЕДБ депозиттері
- ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары
- Басқа активтер (МҚҰ, PPN)
- Акциялар
- Басқа активтер

Теңгедегі ЗА портфелі	Көлемі, млрд. теңге	Үлесі
Ақша	1,6	0,03%
Қысқа мерзімді инвестициялар:	285,7	5,5%
Репо	55,1	1,1%
ҚРҰБ ноталары	230,6	4,4%
Борыштық қаржы құралдары:	4 728,5	90,8%
ҚР МБҚ	2 383,8	45,8%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	680,8	13,1%
ЕДБ облигациялары	1 185,2	22,8%
Депозиты БВУ ЕДБ депозиттері	396,0	7,6%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	82,7	1,6%
Басқа активтер (МҚҰ, PPN)	79,0	1,5%
Акциялар	89,2	1,7%
Басқа активтер	21,6	0,4%
Жалпы:	5 205,6	100,0%



Портфельдің валюталық бөлігінің құрылымы

2017 жылғы ақпанның 1-не шетел валютасындағы зейнетақы активтерінің көлемі 4,67 млрд. құрады



- Бос қаражат
- US Treasury bills
- Шетелдік банктердегі депозиттер
- ҚР МБҚ (Еврооблигациялар)
- Қазақстандық эмиттенттердің корпоративтік облигациялары
- ҚР квазимемлекеттік секторының облигациялары
- Шетелік мемлекеттердің МБҚ
- Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары
- Басқа активтер (МҚҰ, PPN)
- Акциялар

Шетелдік валютадағы ЗА портфелі	Объем, в млн. USD	Үлесі
Бос қаражат	28,0	0,6%
Қысқа мерзімді инвестициялар:	1 103,9	23,6%
US Treasury bills	499,9	10,7%
Шетелдік банктердегі депозиттер	604,1	12,9%
Облигациялар:	3 209,1	68,7%
ҚР МБҚ (Еврооблигациялар)	929,4	19,9%
Қазақстандық эмиттенттердің корпоративтік облигациялары	745,9	16,0%
ҚР квазимемлекеттік секторының облигациялары	661,0	14,2%
Шетелік мемлекеттердің МБҚ	446,1	9,6%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	426,7	9,1%
Басқа активтер (МҚҰ, PPN)	120,3	2,6%
Акциялар	206,9	4,4%
Жалпы:	4 668,2	100,0%



Зейнетақы активтерінің табыстылығы

2010 жылдан бастап зейнетақы активтері табыстылығының динамикасы келесі қалпында көрінеді:

Кезең	Жинақталғн зейнетақы қаражаты (трлн. теңге)	Табыстылығы	Инфляция
2010 (ЖЗҚ)	2,23	4,4%	7,8%
2011 (ЖЗҚ)	2,65	2,6%	7,4%
2012 (ЖЗҚ)	3,18	4,0%	6,0%
2013 (ЖЗҚ)	3,73	2,2%	4,8%
2014 (БЗЖҚ)	4,52	6,31%	7,4%
2015 (БЗЖҚ)	5,83	15,65%	13,6%
2016 (БЗЖҚ)	6,68	7,95%	8,5%

Мәлімет үшін: Мемлекет ҚР Занының "ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 5 бабына сәйкес зейнетақы төлемдерін алу құқығын алу сәтіндегі жинақталған инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына **кепілдік береді.**



2017 жылға жоспарланған бағыттар

Қазіргі уақытта 2017 жылы БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау бағыттары бойынша ҚР Үкіметі мен ҚР Ұлттық Банкінің келесі ұсыныстары қарастырылуда:

- ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу;
- зейнетақы активтерінің портфелін әртараптандыру мақсатында шетел валютасын сатып алу;
- халықаралық қаржы ұйымдарының теңгемен номинацияланған облигацияларын сатып алу;
- "Нұрлы жер" бағдарламасын іске асыру, индустриялық және басқа да жобаларға кредит беру мақсатында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шартталған борышқорлық бағалы қағаздарына инвестициялау;
- корпоративтік қазақстандық эмитенттердің және екінші деңгейдегі банктердің қаржы құралдарына инвестициялау.

Зейнетақы активтерін инвестициялау **нарықтық мөлшерлемелер бойынша** тек қаржы құралдарына ғана жүзеге асырылатын болады





**Назар аударғаңызға
алғыс білдіреміз!**

